«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТІРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Петропавл к., Жамбыл к., 241
тел/факс:(7152) 42-53-52
e-mail: fink.petr@minfin.gov.kz

г.Петропавловск,ул.Жамбыла,241
тел/факс:(7152) 42-53-52
e-mail: fink.petr@minfin.gov.kz

«25» 06.2019ж. № 04-08/1183

«Оңтүстік құрылыс компаниясы» ЖШС-і
Шымкент қ., Еңбекші ауданы, Писарев к., 17 үй.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті (әрі қарай - Департамент), Сіздің 17.06.2019 жылғы № 46947 (исх. № 106) арызыңыз негізінде, ұйымдастырушы «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өткізген, ашық конкурс тәсілімен № 3328971-1 (лот № 26121842-ОК1) *«СҚО Айыртау ауданның Саумалкөл а. ҚОМ ғимараттың ағымдағы жөндеу»* мемлекеттік сатып алу бойынша камералдық бақылау жүргізу барысында, арызда көрсетілген уәждеріңіз ішінара расталды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйырығымен «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары» (әрі қарай – Қағидалар) бекітілген № 5-қосымша конкурстық құжаттамасындағы біліктілік туралы мәліметтерінің ескертпесіндегі 5 - тармағына сәйкес, конкурс мәні құрылыспен, жұмыс тәжірбиесін растаушы құжаттармен байланысы жоқ жұмыстардың өзге түрлері болып табылған жағдайда орындалған жұмыстардың актілерінің электрондық көшірмелері болып табылады.

Камералдық бақылау барысында әлеуетті өнім беруші «ТЕХНОКОМ» ЖШС конкурстық өтінімінде жоғарыдағы заңнама нормаларына сәйкес келетін объектілері бойынша керекті құжаттардың электрондық көшірмелерін толығымен салған.

Сіздің әлеуетті өнім беруші «ТЕХНОКОМ» ЖШС-нің дұрыс емес ақпараттың беруі туралы дәлелдеріне қатысты келесіні баяндаймыз.

Конкурсттық құжаттаманың 4 қосымшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысу келісіміне қол қойған сәттен келісімін білдіріп, конкурстық құжаттамамен танысқанын және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға және конкурстық комиссияға өзінің құқығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы (орындалатын жұмыстарды) дұрыс емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілігі, олардың авторлық және сабақтас құқықтарды

сақтауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгенін растайды.

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107 Заңның 20-3 бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, шағымда шағым беруші тұлға <u>өзінің талаптарын негіздейтін мән-жайлар және дәлелдемелерін</u> көрсетілуі тиіс;

Сонымен бірге сіздің шағыңымызда әлеуетті өнім беруші «ТЕХНОКОМ» ЖШС-імен жалған ақпарат беру фактілерін дәлелдейтін нақты талаптарыңыз жоқ.

Осылайша, Департаментте сіздің шағымыңызда көрсетілген дәлелдер бойынша сұраулар жіберуге негіз жоқ.

Алайда, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434 Заңының 11-бабының 2-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші беретін ақпараттың анықтығын тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында анықтай алады.

Осылайша, жалған ақпарат анықталған жағдайда, Департамент Заңның 11-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алудың кез келген сатысында шаралар қабылдайды.

Сонымен бірге, әлеуетті өнім беруші «ТЕХНОКОМ» ЖШС-і біліктілік туралы мәліметтерінде жұмыс өтілі ретінде мәлімдеген 2013 жылғы Сергеевка қаласы, Пригородная көшесіндегі салынған бір бөлмелі 10 тұрғын-үйі бойынша растаушы құжаттарын конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес берген және растаған.

Ұйымдастырушы «ТЕХНОКОМ» ЖШС-і конкурсқа қатысуынан шеттетпегеніне қатысты келесіні хабарлаймыз, Қағиданың 150-тармағына сәйкес *«Әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа <u>жіберілмейді егер</u>: ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы келесі негіздемелер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса: мемлекеттік кірістер органының мәліметтерінің негізінде <u>веб-порталмен автоматты түрде анықталатын</u>* ***<u>тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселеген мөлшерінен асатын салық берешегі және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегі</u>*** *<u>туралы ақпараттардың болуы</u>».*

Мемлекеттік сатып алу веб-порталында өнім берушінің нұсқаулығына сәйкес, жүйе МКК ОСДШ АЖ-не сауалды жібереді, және сауалдың сәтті жіберілгені туралы төмендегі хабарламаны көрсетеді, сауалдың мәртебесі *«Өңделуге жіберілді»* болады.

Сауал өңделгенінен кейін, сәтті өңделуден өткенде сауал мәртебесі *«Өңделген»* дегенге өзгеріп, жүйемен сауалды қабылдау күні және уақыты тіркеледі.

Салық берешегі жоқ (бар) туралы мәліметтерді алу барысында қателер туындаған жағдайда, сауалдың мәртебесі *«Қате»* дегенге өзгеріп, салық берешегі туралы мәліметті қайтадан алуға болады.

Егер бар болса, Жүйе бір теңге және одан жоғары көлемде салық берешегі және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары және әлеуметтік төлемдері бойынша берешектің бар болуына тексереді.

Егер Өнім берушінің салық берешегі және міндетті жарналар бойынша берешегі болмаса, немесе төлеу мерзімін ұзарту келісімі бар болса, онда Жүйе лотқа (тарға) көрсетілген баға ұсынысы сомасымен келісімін растау туралы нысанын бейнелейді.

Егер Өнім берушіде салық берешегі және міндетті төлемдер бойынша берешегі, немесе төлеу мерзімін ұзарту келісімі бар болса, онда Жүйе қате туралы хабарландыруды бейнелейді.

Егер Өнім берушінің салық берегі және міндетті жарналар бойынша берешегі бар болса, немесе төлеу мерзімін ұзарту келісім бар болса, онда Жүйе қате туралы хабарландыруды бейнелейді.

Сөйтіп, салық берешегі болған жағдайда әлеуетті жеткізушілер, тиісінше, конкурсқа қатысуға өтінім беруге мүмкіндігі болмайды.

Конкурстық комиссиямен әлеуетті өнім беруші «Оңтүстік құрылыс компаниясы» ЖШС-ге конкурстық баға ұсынысына әсер ететін жұмыс өтілі бойынша критерийлердің дұрыс қолдануына қатысты келесіні хабарлайды, қағиданың 155-тармағын және конкурстық құжаттаманың 44-тармағын бұза отырып, конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші «Оңтүстік құрылыс компаниясы» ЖШС-нің жұмыс өтілі үшін 4,4% шартты жеңілдікті қолданды, алайда жұмыс өтілі үшін 3,7% (бас мердігер ретінде: 2013ж. - 2 объект, 2015ж. - 1 объект, в 2017ж. - 1 объект, қосалқы мердігер ретінде: 2018ж. - 1 объект), конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші «ТЕХНОКОМ» ЖШС-не 6,6% шартты жеңілдікті қолданды, алайда салынған құжаттарға сәйкес 7,1% (қосалқы мердігер ретінде: 2012ж. - 3 объект, 2013ж. – 1 объект, 2019 ж. – 1 объект, бас мердігер ретінде: 2014ж. - 2 объект, 2015ж. - 1 объект, 2016ж. - 1 объект, 2017ж. - 1 объект, 2018ж. – 1объект) шартты жеңілдікті қолданылуы тиіс.

Ал, Ұйымдастырушы сіздің жұмыс өтілінізге, сапа менеджменті және экологиялық менеджменті сәйкестік сертификаттарына берілетін шартты жеңілдіктің дұрыс есептелмегеніне қатысты айтар болсақ, сіздегі мәлімденген және ұсынылған расттайтын құжаттарыңыз бойынша, Қағиданың 157, 158-тармақтарына сәйкес *«Егер әлеуетті өнім берушіде сапа менеджменті жүйесінің ұлттық немесе халықаралық стандартқа сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған тауарларды өндірушіге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындаушыға сертификаттау жөніндегі органдар, аккредиттеу жөніндегі аккредиттелген орган немесе Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдар берген құжат болған кезде, конкурстық комиссия екі пайыз (2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер әлеуетті өнім берушіде қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының*

заңнамасына сәйкес ұсынылған тауарларды өндірушіге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындаушыға берілген құжат болған кезде, конкурстық комиссия бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді».

Осы орайда, әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімінде 2018 жылы 19 желтоқсаннан берілген № KZ.5110318.07.03.11588 сапа менеджменті және 2018 жылы 19 желтоқсаннан берілген № KZ. 5110318.07.03.11589 экологиялық менеджменті сәйкестік сертификаттары салынған.

Осылайша, Қағиданың 157, 158-баптарын бұза отырып, конкурстық комиссия «Оңтүстік құрылыс компаниясы» ЖШС-інің сапа менеджменті және экологиялық менеджмент сәйкестік сертифкаттары үшін 3%-ық өлшемді қолданбаған.

Камералдық бақылау қортындысымен анықталған бұзушылықтар бойынша, Департамент камералдық бақылау жүргізу ережелеріне сәйкес шаралар қолданады.

Камералдық бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 19-тармағының екінші абзацына сәйкес жүргізілді.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 Заңының 12-бабы, 14-бабының 6-тармағына сәйкес, Сіз қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда, жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе субьектіге, сондай-ақ шешім қабылданғаны туралы белгілі болған кезден бастап үш айдан кешіктірілмей сотқа шағымдануға құқылысыз.

Басшының орынбасары **А. Сыздық**

Орын.: Қарсақов О.Д.
Тел.:8(7152) 42-51-72